



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ата-аналарымыз, міне, осылай тәрбиелеген. Қазақ қызының ұлттық намысы бәрінен биік болуы керек!»

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Айкинбаева Г.К., Умирзакова А.М. Жас отбасындағы жұптардың өзара бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері. – Астана, 2014. 164б.
2. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана.– Алматы, 2016. 220б..

ӘОЖ 159.9

БАЛАЛАРЫНАН БАСТАРТҚАН АНАЛАРЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Күмісбек Ұлдана Жақсыбекқызы

kumisbekuldana98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,Әлеуметтік ғылымдар факультеті, «Психология»

мамандығының студенті,Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.М. Карибаева

Бұралаңы мен соқпағы көп мына өмірдің толқынды ағысына қарсы жүзіп, кездескен қиындық пен сәтсіздіктерді жеңіп шығу үшін, әрине, мол қажыр мен қайрат керек. Дегенмен кейде адамдар басқа түскен қиындықтардан шыға алмай, келеңсіздіктерге тап болып жататын жайлар мен қалың қайғының тұманында өзін-өзі жоғалтып жатады. Ал кейбір тұмысынан бойына дарыған өрлігінің, қажырлығының арқасында мұң мен қайғыны өңгеріп алып кететіндер де бар. Алайда, өкініштісі сол, жыл өткен сайын осы жалындылық азайып бара жатқан секілді. Әсіресе жастар үшін психологиялық демеу бүгінгі таңда қажеттілігі зор.Әр жыл сайын ананың бастартуымен жаңа туылған сәбилердің 1%-ы перзентханада тасталынады. Есептеумен алатын болсақ, сол пайыздың тек кішкене ғана бөлігі баланың ауруымен және он екі мүшесінің сау болмауынан деп қарастыруға болады. Өкінішке орай балаларынан неліктен бастартқан аналар туралы нақты себеп айтылып , ашылмады. Бұл көбінесе ана баласын қараусыз қалдырған моральдық және жанашырлығы жоқ екендігі туралы қоғамда стереотип қабылданған. Кеңес парламентінің депутаттары заңды жаңартқан кезде, осындай аналарды жазалауға арналған заң қабылдауын қарастырған. БАҚ өкілдері ұсынысты қабылдау жайлы әлеуметтік ортада кездескен адамдардан сұхбат жүргізген.

Осы арадафеминистікқозғалыстардыажыратаалу керектігіқарастырылады. Олар:

Заманауи феминизмнің радикалды өкілдері: әйел адамдардың бала босануынан бастартуын ұсынады, өйткені еркектер мен әйелдердің арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің себебі екенін көрсетеді.

Ал ұстамды феминизм өкілдері патрехальды дәстүрді ұстанып еркектерге өз-өзі болуын ұсынып, әйелдерге өз құқығын жүзеге асыру керек деп түсіндіреді. Олардың ойынша, бұл тұжырымдама әлеуметтік ортадағы теңсіздіктің себебі деп көрсеткен.

Марксизмніңдамуындааналықстатустытеоретикалықжәнепрактикалықаспектілерретін деалады.

Салыстырылып, қаралуыбойыншаеркекпенәйелдіңтеңдігінде, анаеңмаңыздыәлеуметтік функция болыптабылды. Солүшіндеаналарғабарлықжағдайжасалуынұсынған[1].

Қазіргі заманғы әлеуметтік әдебиетте әйел мәселесіне байланысты көп ыңғайлы жағдайлар жасалынған. Олар:

- Экономикалық
- Гендерлік
- Әлеуметтік-демографиялық

Мәдениеттің басқа құндылықтарының себебінен, ана туралы зерттеу өте қиын, сол себепті аналық пен мәдени-тарихи дәстүрлердің байланысын сараптау керек. Ана мәдениеттің жаңғыруының, дамуының, қалыптасуының механизмі болып анықталады.

Өз балаларынан бастартқан аналар өздері кішкентай кездерінен бастап стабильді емес отбасында тәрбиеленіп, тұлғааралық қарым-қатынастың негативті тәжірибиесін жинақтаған. Сондай адамдардың тұлғасы агрессия субмәдениетінде қалыптасқан.

Д.О.Левис «толыққанды емес, катал, мейірімсіз» отбасында өскен жас әйелдердің бойында психиатриялық, интеллектуалды ауытқулардың өсуін байқаған. Осы жағдайға байланысты, сондай жас әйелдерде өз балаларына деген жауыздық және агрессивтілік байқалады [2].

Вассерманның ойынша, ондай аналар «гуманизация процесіне ұшырамаған», ерте жастағы толық емес әлеуметтенудің құрбандары ретінде қарастырылуы керек. Өз балаларын тастап кеткен көптеген аналар қалыптасқан мінез-құлық стереотипін қайталай береді, себебі өздері де ата-аналары бар кезінде тастап кетудің азабына ұшыраған.

Балаларын тастап кеткен аналардың отбасылық ситуациясына анализ жасай отырып, Р.В.Чамберлен келесі негативті факторлардың ықпалын көрсеткен:

- Толыққанды емес отбасы;
- Әлеуметтік қолдаудың жоқтығы;
- Көпбалалылық;
- Аяғы ауыр кезінде медициналық бақылаудың жоқтығы;

Ғылыми материалдар өз баласынан бас тарту мінез-құлқының қалыптасуын көрсетеді, бірақ негізгі сұраққа жауап бермейді-бірдей шарт негізінде неге бір ана өз баласын тастап кетсе, екінші ана өз баласын тамақпен қамтамасыз ету үшін барлығына дайын. Бұл сұрақтың жауабын тек баласынан бас тартқан ананың индивидуалды ерекшеліктерін зерттеу арқылы ғана таба аламыз. Ең бірінші фактор ретінде ананың жасы деп қарастыруға болады.

Жастық фактор – ана болуға дайын емес екенін анықтауға болатын фактордың бірі. Ресей Минздрав есептеуі бойынша, баласынан бастартқандардың жартысы – 25-ке толмаған әйелдер. 8%-кәмелетке толмағандар, 30%- 30-50 жас аралығындағы баланы бірінші туған әйелдер. Осы мәселе арқылы жас кезінде туған аналардың психологиялық толық жетілмегендігін, ана болудағы амбиваленттілігін, өз ата-аналарының негативті ықпал етуін байқай аламыз. Жеткіншек аналар- психиатриялық және психоәлеуметтік проблемаларға тез ұшырайды, жаңа туылған нәрестенің эмоционалды және экспрессивті сигналдарын дереу қабылдай алмайды. Бұл нәрестенің психикалық функциясының қалыптасуын тежейді [3].

Кризистік жағдайға ұшыраған және өз баласынан бас тартқысы келетін әйелдерге индивидуалды ыңғай қажет, себебі аномальді мінез-құлық қалыптасуында тек бір емес, әлеуметтік, психологиялық, патологиялық факторлардың тұтас комплексі қатысады.

Баладан бас тарту проблемасын болдырмау үшін отбасы, жергілікті қоғамдастықтар, халықтың формальді емес топтары, қоғамды және жеке фондтар сияқты әлеуметтік институттарды қызықтырып, көмекке шақыру керек. Шетелде осындай көмек құнды резерв ретінде қаралып, мемлекеттік программаларды толықтырып және қолдау көрсету ретінде қарастырылады. Ал, Ресейде аномальді мінез-құлық профилактикасына деген Шығыс Еуропалық әлеуметтік-тәжірибе жақсы қолға алынбаған, сондықтан оның әрі қарай дамуы белгісіз. Басқа шетелдермен тәжірибе жүргізу арқылы баладан бас тарту профилактикасының бірегей стратегиясын ойлап шығару керек.

Ана болудан бас тарту мәселесіне байланысты жүргізілген диссертациялық зерттеулер алға шығарылған гипотезаны растайды: девиантты мінез-құлық формасы ретінде қаралып отырған баладан бас тартудың негізінде әлеуметтік-психологиялық себептердің комплексі жатыр. Сәйкесінше, әйелдердің осындай ауытқыған мінез-құлығымен күресуге арналған профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында осы әлеуметтік зерттеліп жатқан құбылысқа комплексі зерттеу керек және әр түрлі себептерін анықтауға тырысу керек.

XX ғасырда адамзат, қоғамның дамуында үлкен жолды өтсе де, аналардың өз балаларынан бас тарту проблемасы аз зерттелген және анықталмаған болып қала береді.

Баладан бас тарту мінез-құлқының қалыптасуы келесі иерархияларды құрайды:

- Әлеуметтіксебептері;
- Отбасылық фактор рөлі;
- Жасерекшелік фактор;
- Психологиялықсебептер;
- Психиатриялық аспект.

Ана болу кезіндегі аномальді себептер индивидуалды ерекшелікке немесе жас ерекшелік факторға жатады, яғни жас кезінде бала туған ана мен жасы келіп бірінші баласын туған аналардың өз баласынан бас тарту ішкі психологиялық толыққансыздығынан болады [2].

Тәжірибелердің көрсетуі бойынша , аналардың аномальді мінез-құлқының қалыптасуы кезіндегі әлеуметтік себептер , отбасылық фактор маңызды, бірақ негізгі емес мағынада болады. Психологиялық факторларға да назар аудару керек, себебі балаларынан бас тартқандардың көбісінде әлеуметтік инфантилизм, тұлғалық толыққансыздық, психиатриялық аспект (депрессиялық күй, психопатия, шизофрения, алкоголизм, наркомания) болуы мүмкін.

Осы тақырыпты түсіндіру барысында «Л.Н.Гумилев» атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің I және IV курс оқитын 17-21 жас аралығындағы білім алушыларынан өзім құрастырған жасырын сауалнама алынды. Оның ішінде, жас ерекшелігіне байланысты 16 білім алушы қыздан сауалнама алынып, нәтиже әртүрлі болып шықты.

Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша:

- 38% ата-анадан қорыққанынан;
- 25% әлеуметтік жағдайдың төмен болуынан;
- 12%Жауапкершілікке дайын болмағандықтан;
- 8% баланын әкесіне деген жеккөрініштен;
- 10%жас ананың ішімдікке салынуы ;
- 7% босанғанда психикалық ауытқулар, стресстік жағдаймен бастартады деген мәліметтер алдым.

Өткізілген сауалнама арқылы балаларынан не себепті бастартуынын қысқаша анықтамасын шықты. Анасының баласын өлтіргені жөніндегі қылмыстық оқиғаларды саралап қарасаңыз, «психикасының ауытқушылығы салдарынан...», «ішімдік ішіп отырғанда...», «некесіз бала туғандығынан...», «күйеуінен ажырасқан соң...», «жүктілік жоспарына кірмеген...» деген секілді себептерді ғана көруге болады. Ал оның не үшін ішімдікке салынғаны, не үшін ажырасқаны... секілді түпкі мәселеге мән бермейміз. Ағаштың бұтағын сындырып, жапырағын кескеннен тамыры қиылмайтынын ұмытпауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Аристова Н.Г. Проблемы сиротства и деятельность учреждений, замещающих семейной воспитание. Вып. II. – М.: Институт социологии РАН. 1992
2. Брутмая В.И. и др. Раннее социальное сиротство как комплексная медико-социально-педагогическая проблема. - М.: АСОПИР, 1994. - С. 27.
3. Гудинг Д., Леннокс Дж. Мировоззрение: Дня чего мы живем и каково наше место в мире I Под ред. Т.В. Барчуновой. -Ярославль: ТФ "Норд", 2001. - С.192.